

2012-2013 жылдарға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 586 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 қаңтарда № 2211 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 10 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының 08.01.2014 № 10 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазығұрт ауданы бойынша 2012 – 2013 жылдарға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
Ғ. А. Төлеповке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 қазанынан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі	Б.Д.Кистауов	
Қазығұрт	ауданы	әкімдігінің
2012	жылғы	20
№ 586 қаулысына қосымша		желтоқсандағы

Қазығұрт ауданы бойынша 2012-2013 жылдарға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері

--	--	--	--

№	Дақылдар түрі	Оңтайлы мерзімдері		Ескерту
		басталуы	аяқталуы	
1	Күздік бидай	10.10.2012	30.11.2012	Тәлімі және суармалы жер, жылдың қалыптасқан ауа райы-климаттық жағдайын ескере отырып
		15.10.2012	30.11.2012	
2	Жаздық бидай	30.02.2013	15.04.2013	Тәлімі жер
3	Дәндік және сүрлемдік жүгері	20.04.2013	15.05.2013	Суармалы жер
4	Жоңышқа	05.03.2013	15.04.2013	Тәлімі және суармалы жер
5	Максары	05.03.2013	15.04.2013	Тәлімі жер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК